



ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Интернеттегі қызметтер





Интернеттегі қызметтер – бұл қолданушыларға желілік технологиялар арқылы көрсетілетін қызмет түрлері.

Олар мәліметтерді іздеу мен қолдану және коммуникациялық қызметтер болып бөлінеді. Интернеттегі барлық қызметтер клиент-сервер қағидасымен жұмыс істейді. Ең көп таралған Интернет-қызметтер бүкіләлемдік ақпараттық кеңістік Қызметтері болып табылады: 3W-дүние-жүзілік тор; Google сияқты іздеу жүйелері; Файлдық архивтер – бағдарламалық жабдықтама, әуен, фильмдер қоймасы; wikipedia интерактивті энциклопедиясы.

Интернетке негізінделетін коммуникациялық қызметтерге келесілер жатады: Электрондық пошта – e-mail, Форумдар, «Тірі журнал» қызметі, Сандық суреттерді сақтау қызметі, Нақты уақытта қарым-қатынас жасау: чаттар, әлеуметтік желілер, ICQ, скайп сияқты бейне-конференциялар.

Бірінші онлайн-қызмет WWW болып табылады. World Wide Web қызметі Web-құжаттар немесе Web-парақтар деп аталатын ерекше электрондық құжаттарға қол жеткізуге арналған.

Танымалдылығы жағынан екінші орындағы қызмет **Іздеу жүйесі** болып табылады. Бұл Интернеттен ақпарат іздеуге мүмкіндік беретін веб-интерфейсі бар бағдарламалық-аппараттық кешен. Әдетте іздеу жүйесі ретінде жүйе интерфейсі орналастырылған сайт түсіндіріледі. Google – қазіргі таңдағы әлем бойынша, ал Яндекс – Рунеттегі ең танымал іздеу жүйесі.

Ерекше іздеу жүйелерінің қатарына мысал ретінде Koogle (оның көмегімен ортодокстық иудейлер діни талаптарға сай келетін контентті таба алады), Yauba (параноиктарға арналған үнді іздеу жүйесі – әдеттегі іздеу жүйелерінен ерекшелік ретінде ол жерде қолданушыларды аңдымайды, оның әрекеттері жайлы барлық жазбалар серверден өшіріледі) атауға болады. TinEye – Интернеттен сурет іздеуге машықталған іздеу жүйесі; Генон – контентті өз сайтында жинайтын және құратын іздеу жүйесі; ImHalal – іздеудің халал нәтижелерін қайтаратын алғашқы мұсылмандық іздеу жүйесі.

Электрондық кітапханалар – Интернет қолданушыларының танымал қызмет түрі болып табылады. Бұл әртүрлі навигация және іздеу құралдарымен жабдықталған әртүрлі электрондық құжаттардың (соның ішінде кітаптар) реттелген жинағы. Әдеби кітаптардан бастап компьютерлік бағдарламаларға дейінгі алуан түрлі мәтінмен үнемі толықтырылып отыратын веб-сайт және әрқайсысы толық және оқырман кез келген уақытта қажетсінетін медиафайлдар болуы мүмкін. Ең танымал медиа ресурс Ютуб болып табылады.

Электрондық пошта – бұл желі қолданушыларына арналған екінші орта. Сіз өз электрондық поштаңыздың қандай екеніне байланысты әсер қалдырасыз. Ұзын мекенжайларды есте сақтау қысқаларына қарағанда қиынға соғады. Әріптер мен таңбалардың қисынсыз үйлесімі емейл мекенжайды теру барысында қателік жасауға әкелуі мүмкін.

Хостинг – бұл клиенттердің Web-сайттарын орналастыруға және олардың жұмысын жалға алу құқығы бойынша сүйемелдеу үшін сервер ұсынуға байланысты қызмет түрі. Коммерциялық хостингтермен қатар, жеке тұлғалар мен ұйымдардың сайттарын орналастыруға арналған тегін хостингтер де бар. Хостингтік қызметті тегін көрсетудің өтемі сайт парақтарында жарнама орналастыру болуы мүмкін. Кей жағдайларда хостинг алаңқайына тек сайт қана емес, клиент сервері де орналастырылады.

Интернеттің тағы бір маңызды қызметі – FTP. Бұл қызмет – компьютерлік желілерде файлдар жөнелтуге арналған желілік хаттама. FTP хаттамасы FTP серверлерге қосылуға, каталогтардың мазмұнын қарауға және серверден немесе серверге файл жүктеуге мүмкіндік береді. FTP – файлдық архивтердегі файлдарға қолжеткізу қызметіне айналған ескі қолданбалы хаттамалардың бірі.

Тағы бір танымал қызмет түрі – **Интернет-конференция**. Бұл топ мүшелерінің конференция-байланыс көмегімен интернет бойынша ақпарат алмасу процесі. Компьютерлік конференция қатысушыларының саны аудио және бейнеконференция қатысушыларының санынан бірнеше есе көп болуы мүмкін.

Келесі қызмет түрі – **Блогтар**. Олар жеке адам немесе адамдар тобы үнемі жаңа материалдармен толтырып отыратын веб-сайттар болып табылады. Ережеге сай оқырмандарға өз пікірлерін қосуға мүмкіндік беріледі. Осы жағынан олар талқылауға арналған синхронды форумдарға ұқсайды, бір ерекшелігі – бір адамның ойы негізгі бағыт болып табылады. Материал негізінен ресми емес, көп жағдайда блогердің жеке пайымдары мен ойлары болады. Мысалы,



британдық блогер Эндрю Салливан 2000 жылы «The Dish» деген атпен саяси блог ашқан, оның танымалдылығы ірі БАҚ, соның ішінде The Atlantic назарын өзіне аударған. Дегенмен, блогты жүргізу – ауыр жұмыс, Салливан өз блогында өзінің кететіндігі жайлы айтқан. Ол «Мен сандық өмірге тойдым және қайтадан шынайы өмірге оралғым келеді» деп жазған.

Әлеуметтік желілер – Интернеттегі ең тартымды орталардың бірі, себебі адамдар өздерінің жеке профильдерін құрып, топтарға, достарына, әріптестеріне және басқа да таныстарына қосыла алады.

Әлеуметтік желілердің жылдам дамып жатқандығы соншалықты, оларға жеке психологиялық әсерлері бар көптеген жаңа функциялар үнемі қосылып отырады. Мысалы, Facebook Сізге өз профиліңізді, өз суреттеріңіз бен бейнежазбаларыңызды, қалып-күйіңізді жаңарту бойынша шексіз мүмкіндіктер ұсынуда. Әлеуметтік ойындардың сілтемелері Сіз бен желідегі достарыңыз үшін ойын алаңқайын құрады, ал орналасқан жер негізіндегі қызметтер Сіз сол ауданда болғанда кездесуге мүмкіндік туғызады.

Қолданушылар бейнежазбалар мен слайд-шоулар жүктейтін YouTube және Instagram сияқты контентті бірге пайдалану функциясы бар сайттар да әлеуметтік желінің бір түрі болып табылады. Мысалы, YouTube-та қолданушы белгілі бір тақырыптағы арна құра алады. Мысалы, Excel оқулықтары және мысықтарға арналған бейнежазбалар, содан кейін әлеуметтік желідегі өзінің негізгі профиліне сілтеме жасауына болады.

Facebook өте танымал болса да, оның функциясы мен аудиториясы әртүрлі көптеген бәсекелестері бар. LinkedIn негізінен іскерлік желілерге арналса, Догстер өз жануарларына деген махаббатты бөлісетін адамдар үшін қызықты болады.

Әлеуметтік желілер ата-аналары және әріптестері сияқты «достардың» әртүрлі санаттарын қамтыған кезде адамдарға өз профильдерін басқару қиынға соғады. Сондықтан көптеген адамдар өз профильдерін бірнеше әлеуметтік желіде құрады.

Twitter – бұл қолданушылар тек 140 символдан ғана тұратын хабарламалар жаза алатын микроблогтарға арналған әлеуметтік желі.

Twitter алғаш іске қосылған кезде ол мәнсіз дүние болып көрінген. Бірақ кейін сол мәнсіз дүниенің өзі адамдардың арақатынасында маңызды орын алатындығы анықталды. Содан бері Twitter жай ғана блогтан өзге нәрсеге айналды. Компаниялар, танымал тұлғалар, саясаткерлер, журналистер мен басқа да адамдар осы қызметті пайдаланады, ал жаңалықтар дәстүрлі БАҚ-тан бұрын алдымен Twitter-ге келіп түседі.

Танымалдылығы жағынан келесі орындағы қызмет – бұл **Мессенджерлер**. Бұл қызмет жедел хабарлама алмасуға арналған бағдарлама, мобильдік қосымша және веб-сервис.

Ең танымал мессенджерлер – бұл WhatsApp, Viber, Facebook Messenger және т.б.

Ұялы телефон операторлары заңнама көмегімен Viber және WhatsApp сияқты мессенджерлерден құтылғысы келсе, Google мессенджерлерді жаңа SMS стандартымен алмастыруға тырысуда, ал мессенджерлердің өздері болса, өз мүмкіндіктерін арттыру үстінде.

Бұл қызмет түрлері интернет-тәуелділікпен тығыз байланысты, себебі 24/7 қолжетімді және біз бір-бірімізден әрдайым онлайн болуды талап етеміз.

Келесі қызмет түрі **Internet-banking** болып табылады. Бұл – жеке клиенттерге қызмет көрсетудің банктік операцияларын Интернет арқылы орындау. Бұл қызмет түрі 1990 жылдардың ортасында пайда болды. Оны арнайы құрастырылған «онлайн-банктер» де, әдеттегі банктер де шығарады. Банк клиенттеріне Интернет арқылы қызмет көрсету HTTP, WAP хаттамалары бойынша арнайы құрастырылған бағдарламалық жабдықтама көмегімен жүргізіледі. Мобильді банкінг клиенттерге банктік операцияларды ноутбуктар, дербес компьютерлер, смартфондар, коммуникаторлар арқылы электрондық технологиялар мен қашықтан банктік қызмет көрсету қызметтері көмегімен жүргізуге мүмкіндік береді.

Интернет-дүкендер мен онлайн қызметтер әдетте **Электрондық төлем жүйелері** арқылы байланысады. Бұл – қаржылық операциялар жүргізу үшін қолданылатын процедуралар мен олармен байланысты компьютерлік желілер жинағы. Мысалы, Яндекс. Ақша – электронды ақша идеясын жүзеге асыратын электрондық төлем жүйесі. Ол жүйе қатысушылары арасында нақты уақыт режимінде қаржылық операциялар жүргізуді қамтамасыз етеді. Есептер валютасы – Ресей рублі. Электронды сауда жүйелерінің жұмысын қамтамасыз етуге арналған. Жүйе веб-интерфейс немесе қолданушы компьютеріне орнатылатын әмиян-бағдарлама арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Яндекс Ақша жүйесі 2002 жылдың 24 шілдесінде іске қосылды.



Интернет-дүкендер қазіргі таңда танымалдылыққа ие болуда – бұл тауарлар мен басқа да қызметтерді Интернет желісінде Интернеттің басқа қолданушыларына сатуға арналған Web-сервер құру арқылы жұмыс істейтін үкімет. Оған виртуалды мекеме деген атау толығымен сәйкес келеді. Басқаша айтатын болсақ, виртуалды дүкен – бұл тікелей жеке қатынас толық (немесе минималды түрде) болмаған кезде электрондық құралдар арқылы байланыса алатын әр жерде орналасқан дүкен қызметкерлері мен сатушыларының қауымдастығы.

Виртуалды дүкендегі электрондық сауда дәл дәстүрлі саудадағы сияқты құрылымға негізделеді. Дәстүрлі сауданы Интернетке аудару оны икемдірек ете түседі, себебі электронды сауда сандық ақпарат пен компьютерлік желілермен жұмыс істей отырып, адамдардың серіктестігін жеңілдетеді.

Интернет-дүкеннің домендік мекенжайы болады. Кез келген Web-сервер сияқты интернет-дүкен ішінара мультимедиалық элементтері бар бірнеше гиперсілтемелік парақшалардан тұрады.

Әлемдік мегаполистерде интернет-дүкендер көп жағдайда дәстүрлі дүкендерді ысырып немесе олардың орындарын басып жатады. Адамдар дүкенге дейін көп жол жүрмей, тауарды үйге тапсырыс беріп алу арқылы шопингке уақыт жоғалтқылары келмейді.

Үлкен қалаларда онлайн такси қызметі танымал болып келеді. Дүние жүзіндегі ең танымал әрі ірі Uber такси мен жеке жүргізушілерді іздеуге, шақыруға және олардың ақшасын төлеуге арналған мобильдік қосымша болып табылады. Uber қосымшасы көмегімен тапсырыс беруші жүргізушісі бар көлікті резервке сақтап, оның берілген нүктедегі қозғалысын бақылай алады. Көп жағдайда жүргізушілер өздерінің, сонымен қатар, таксопарктер мен әріптестерінің көліктерін пайдаланады. Бірқатар елдерде төлемнің 80%-ы жүргізушіге, ал қалған 20%-ы Uber-ге түседі. Біздің елімізде Яндекс такси қызметі танымал. Мысалы, мен ақша алынатын банктік картамды байланыстыруымның арқасында оны белсенді түрде пайдаланамын. Мен үшін жолдың ақшасын алдын ала білу мен әдетте қайтарымы болмайтын жүргізушіге қолма-қол ақшасыз төлем жасауды білу психологиялық тұрғыдан маңызды болып табылады.

Қызмет түрлерінің қалай жұмыс істейтіндігін білу психологиялық тұрғыдан маңызды. Бірнеше адаммен интерактивтік бейнечат кезінде Сіз олармен бірге өз бейнеңізді де көре аласыз. Мұндай орта өзін-өзі тануды арттырады. Бірақ егер веб-камералар өшірулі болса, онда қоршаған орта қараңғы конференц-залға көбірек ұқсап кетеді. Мұндай жағдайда Сіздің өзін-өзі тану деңгейіңіз төмен болады да, аталған айырмашылықтар Сіздің тәртібіңізге әсер етуі мүмкін.

Сіздің өз аудиторияңыздың ауқымын қабылдауыңыз да онлайн-орталарда түрленетін функция болып табылады. «Бетпе-бет» жағдайларда Сіз әдетте өз аудиторияңызда қанша адам бар екендігін көре аласыз. Тіпті Facebook-та Сіз қанша досыңыздың бар екендігін білсеңіз де, өзіңізді қанша адам оқитындығын білмейсіз.

Бір адамға электронды хат жіберген кезде Сіз қабылдаушының оны басқа адамға жіберетіндігін немесе Интернеттегі әлем үшін қоғамдық болып саналатын қандай да бір жерге жариялайтынын білмейсіз.

Жанама айнымалының тағы бір мысалы шиеленістерді шешуші, саясат жүргізуші немесе қылмыскерлерді ұстаушы кейбір жергілікті билік органдарының болуы немесе болмауы болып табылады. Заңсыз қалаға осындай билік органдарын қосу тәртіпке айтарлықтай әсер етті және бұл Интернеттің виртуалдық әлемінен қатты ерекшеленбейді.

Аталған интернет-орталардағы ең маңызды тәртіп дәнекершісі адамдардың мақсаты болуы мүмкін. Адамдардың өзара байланысына келетін болсақ, бұл көп жағдайда қызығушылығы бірдей адамдар ақпарат бөлісіп, бірге жұмыс істейтін, әңгіме айтып, қалжыңдасатын, саясатты талқылап, бір-біріне көмектесетін немесе ойын ойнайтын қатынастардың үлкен жинағына көбірек ұқсайды. География маңызды, ал мақсат күшті құрал болып табылады, бұл біздің тәртібімізге қатты әсер етеді. Интернетте адам өз ортасын өзгерте алады, сонымен қатар, оның тәртібі де өзгереді. Қолданушы іскерлік кездесуден жағажайға көшкені сияқты пернені ауыстырады, бір ортаны екіншісімен алмастырады.